«28»  08  2024 ж.                                                                                   «Бекітемін»

№1   Педагогикалық кеңестің                                                     Мектеп басшысының м.у.а:

А.К.Шуйиншалина

**«Жас сарбаз»**

Әскери-патриоттық клубының

Е Р Е Ж Е С І

Үшқатты ауылы-2025 жыл.

## 1.Жалпы ережелері.

1.1 «Жас сарбаз» патриоттық клубы, әрі қарай «Үшқатты мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ 2024 жылы оқушыларға патриоттық тәрбие беру және оларды әскери қызметке даярлау мақсатында құрылған. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік «Білім» бағдарламасында тәрбие жүйесін жетілдіруге байланысты алдына қойған негізгі мақсаты- «Қазақстандық патриотизм, азаматтық, ізгілік және жалпы адамзаттық құндылықтар идеяларының негізінде тәрбиеленушінің жеке тұлға ретіндегі сапалы ұлт қасиетін қалыптастыру»- деп кіріктіре отырып, жеке тұлға қалыптастыру көзделіп отыр.

1.2 «Жас сарбаз» патриоттық клубы еркін, өзін-өзі басқаратын, коммерциялық емес бірлестік болып табылады.

1.3 Клубқа мұғалімдер мен 5-11 класс оқушылары мүше болады.

1.4 ӘПК өз қызметін ҚР Конституциясы, «Білім туралы», «Әскери міндет және әскери қызмет» т.б. Заңдарға сүйеніп атқарады.

**Жас сарбаз әскери-патриоттық клубының тәрбие беру бағыты**

- Мемлекетіміз Қазақстан Республикасына шын берілген патриоттарды тәрбиелеу
- Спорт жөнінен шыңдалған, шымыр, қайратты, дені сау жастарды даярлау
- Жастарды Қарулы Күштер қатарындағы қызметке даярлау
- Қазақстандық патриотизм,интернационализм бағытында тәрбиелеу

**Жас сарбаз әскери-патриоттық клубының құрылымы**

Әскери-патриоттық клубына мүше ретінде 5-11 класс аралығындағы «Үшқатты мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ -нің оқушылары тартылады. Клубқа жетекшілік ету қызметі мектеп директорына, тікелей жаттығулар мен сабақтарды жүргізу міндеті әскери жетекшіге, дене шынықтыру пәнінің мұғалімдеріне, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына, тәлімгерге, директордың бұйрығымен жүктеледі. Клубқа қабылданбас бұрын тілек білдіруші оқушы медициналық комиссияның «денсаулығының жарамдылығы туралы» рұқсат қағазын әкелуі шарт. Сонымен қатар ата-ананың арызы мен сабақ беруші пән мұғалімінің немесе класс жетекшісінің ұсынысымен қабылданады. Клуб мүшелері толық анықталған соң клуб мүшелері арасынан бөлімше командирі тағайындалады. Республика мерекесіне орай «Мәңгі алау» алдында салтанатты түрде клуб мүшелеріне мүшелік билет табыс етіледі.Салтанатты жиында клуб мүшелері клуб жұмысына адал қызмет етуге ант береді.

# АНТ МӘТІНІ

Мен (Тегі.Аты-жөні), Жас сарбаз әскери-патриоттық клубына мүше ретінде қабылдана отырып салтанатты түрде ант етемін: Туған елім Қазақстан Республикасының адал ұлы және нағыз патриоты болуға ант етемін.

Ата-бабаларымыздың ерлік рухына тағзым ете отырып, әскери салт-дәстүрлерді сақтай отырып, өзімді еліміздің батыл әрі шыншыл, қайсар және білімді, жауапкершілігі жоғары әрі тәртіпті қорғаушысы болу үшін дайындауға ант етемін. Әрдайым ерінбей еңбек етуге, жалықпай білім алуға, үлгілі тәртібіммен, әскери даярлығыммен тәуелсіз еліміз Қазақстан Республикасының жан-жақты азаматы болуға ант етемін.

**Жас сарбаз әскери-патриоттық клубы мүшелерінің міндеттері**

- клуб жұмысына белсене араласуға, жаттығулар мен сабақтарға әрдайым қатысып отыруға. Себепсіз жаттығуларды жібермеуге
- жаттықтырушының, әскери жетекшінің, бөлімше командирінің барлық бұйрықтары мен жарлықтарын бұлжытпай орындауға
- қасындағы жолдастарын «теріс әрекеттерден» сақтандыруға
- қиындықтардан қорықпауға, өз клубын мақтаныш тұтуға
- оқуда, сабаққа зейінімен және үлгілі тәртібімен алда болуға
- Соғыс,еңбек ардагерлеріне көмек көрсетуге

## БӨЛІМШЕ КОМАНДИРІНІҢ МІНДЕТТЕРІ

- үлгілі тәртібімен, қажырлы еңбегімен,жан-жақтылығымен және жауапкершілігімен әрдайым алда болуға
- Бөлімше құрамындағы оқушыларды, олардың мекен-жайын, тұрмыс жағдайын, қызығушылығын толық білуге
- Әскери жетекшімен, жаттықтырушылармен біріге отырып сабақтар мен жаттығуларды ұйымдастыруға
- Айына 2 (екі) рет клуб мүшелерімен жиналыстар өткізуге
- Әскери жетекшімен бірлесіп, әскери бөлімдерге, тарихи мұражайларға экскурсиялар ұйымдастыруға
- Соғыс,еңбек ардагерлеріне көмек көрсету кезінде клуб мүшелерін ұйымдастыруға
- ҰОС ардагерлерімен, жауынгер-интернационалистермен және оқшауланған соғыстардың ардагерлерімен кездесулерді ұйымдастыруға
- Спорттық жарыстар мен әскери-саптық жарыстарды ұйымдастыруға

**«Үшқатты мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ-де құрылған «Жас сарбаз» клубының 2024-2025 оқу жылында өткізілетін шаралар жоспары.**

| № | Шаралар | Уақыты | Жауаптылар |
|---|---|---|---|
| | **I. Өзін өзі басқару және ұйымдастыру жұмыстары.**<br>***Мақсаты: Тұлға бойында өзін өзі басқару және ұйымдастыру қаблеттерін қалыптастыру, лидерлік дағдыларын дамыту.*** | | |
| 1. | Клубтың ұйымдастыру-басқару құрылысымен таныстыру, өзгерістер, ұсыныстар енгізу. | Қыркүйек | Клуб жетекшісі, клуб мүшелері. |
| 2. | Клуб командирін , клуб Кеңесін сайлау. | Қазан | Клуб жетекшісі, клуб мүшелері. |
| 3. | Клуб қатарына жаңа клуб мүшелерін салтанатты қабылдау. | Қазан | Клуб жетекшісі, клуб Кеңесі. |
| 4. | Клуб жоспарымен таныстыру.<br>Клубтың тәртіп ережесімен таныстыру. | Қазан | Клуб жетекшісі. |
| 5. | Клуб Кеңесінің отырысын өткізу. | Әр тоқсанда | Кеңес төрағасы. |
| | **II. Әскери-патриоттық бағыт.**<br>***Мақсаты: Жастарға әскери-патриоттық тәрбие беру, мемлекет тарихындағы атаулы даталарға байланысты тәрбие шараларын ұйымдастыру және өткізу.*** | | |
| 1. | *<u>Акциялар:</u>*<br>1. Даңқ мемориалына, Ауған соғысы ардагерлері мемориалына гүлдер қою.<br>2. ҰОС және еңбек ардагерлеріне, олардың отбасыларына, жалғызбасты қарияларға көмек көрсету.<br>3. Даңқ мемориалын, Ауған соғысы ардагерлері мемориалын күту жұмыстары. | Ақпан, мамыр<br><br>Жыл бойы.<br><br>Жыл бойы | Класс жетекшілері, клуб белсенділері.<br><br>Мектеп директорының ТЖО, класс жетекшілері, клуб Кеңесі. |
| 2. | *<u>Ерлік сабақтары:</u>*<br>1. Ауған соғысының аяқталуына байланысты. «Ауған ақиқаты».<br>2. Жеңіс күніне арналған. «Мәңгі есімізде» Ерлік сабақтары. | Ақпан.<br><br>Мамыр. | Мектеп директорының ТЖО, АӘД пәні мұғалімі класс жетекшілері, клуб Кеңесі. |
| 3. | *<u>Кездесулер</u>:*<br>1.Әскери борышын өтеп келген сарбаздармен.<br>2.ЖОО курсанттарымен, түлектерімен.<br>3. ҰОС ардагерлерімен. | Қараша<br>Қаңтар<br>Мамыр | Мектеп директорының ТЖО, АӘД пәні мұғалімі класс жетекшілері, клуб Кеңесі. |
| 4. | *<u>Айлықтар, апталықтар:</u>*<br>1. Денсаулық апталығына қатысу.<br>2. Азаматтық қорғаныс апталығы.<br>3. «Патриот айлығы /бөлек жоспар бойынша/ | Қыркүйек<br>Наурыз<br>Сәуір-мамыр | ДШ пәні мұғалімдері<br>АӘД пәні мұғалімі.<br>АӘД пәні мұғалімі. |
| 5. | *<u>Жас сарбаздың күні:</u>*<br>1. «Мерген» үйірмесінің сабақтары.<br>2. Бөлімше және взвод командирлерімен сабақтар өткізу. | Сейсенбі.<br>Жұма. | АӘД пәні мұғалімі.<br>АӘД пәні мұғалімі. |
| 8. | Кинофильмдер мен киножурналдарды көрсету: «Алғашқы әскери дайындық», «ВВУЗЫ Казахстана» т.б. | Жыл бойы | АӘД пәні мұғалімі. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **III. Ғылыми-техникалық бағыт.**<br>***Мақсаты: Клуб мүшелерін шығармашылыққа, ғылыми-зерттеушілікке бағыттау, өзбетіндік жұмыс жасауға баулу.*** | | | |
| 1. | Тактикалық дайындық, медициналық дайындық, жаппай жою қаруларынан қорғану сабақтарын өткізу. | Жыл бойы. Жоспар бойынша. | АӘД пәні мұғалімі. |
| 2. | <u>*Баяндамалар:*</u><br>1. Танкішілер күніне арналған. /11 кл/<br>2. Зымыран әскерлері күніне арналған /11 кл/<br>3. Мотоатқыштар күніне. /10 кл/<br>4. Республикалық Ұлан күніне /10 кл/ | Қыркүйек.<br><br>Желтоқсан. | АӘД пәні мұғалімі, Клуб белсенділері. |
| 3. | <u>*Рефераттар:*</u><br>1. «Әуе десантшылар әскерлері».<br>2. «Теңіз жаяу әскерлері».<br>3. «Мотоатқыштар бөлімшесінің құрамы».<br>4. «Әскери-әуе күштері».<br>5. «Зымыран әскерлері».<br>6. «Әскери-теңіз флоты»<br>7. «Танк әскерлері»<br>8. «Шекара әскерлері» | 1-ші тоқсан<br><br>2-ші тоқсан<br><br>3-ші тоқсан<br><br>4-ші тоқсан | АӘД пәні мұғалімі, 10-11 кл оқушылары |
| 4. | <u>*Әңгімелесулер:*</u><br>1. «Менің атам майдангер» /5-7 кл/.<br>2. «Мен болашақ сарбазбын» /8-9 кл/.<br>3. «Қазақстан Республикасындағы әскери оқу орындары және оған қабылдау ережелері»<br>4. «ЭКСПО-2017», «Болашақ энергиясы» Халықаралық көрмесі. | Мамыр<br>Қаңтар<br>Наурыз<br><br>Ақпан | Класс жетекшілері.<br>Класс жетекшілері.<br>АӘД пәні мұғалімі.<br><br>АӘД пәні мұғалімі. |
| 5. | Оқу жылын қорытындылау. Әскери-спорттық клуб мүшелерін марапаттау. | Мамыр | Клуб жетекшісі, клуб Кеңесі. |
| **IV. Спорттық-техникалық және саяхаттық бағыт.**<br>***Мақсаты: Тұлғаны рухани және физиологиялық тұрғыдан дамыту.*** | | | |
| 1. | Өмір қауіпсіздік негіздері, атыс дайындығы, саптық дайындық сабақтарын өткізу. | Жыл бойы. Жоспар бойынша. | АӘД пәні мұғалімі. |
| 2. | Жасұландар «Үшсайысын» өткізу /кросс, кермеде тартылу, доп лақтыру. 5-7 кл/. | Қазан. | АӘД пәні мұғалімі. ДШ пәні мұғалімдері. |
| 3. | «Алтын күз» кросс. 5-11 кл. | Қазан. | АӘД пәні мұғалімі. ДШ пәні мұғалімдері. |
| 4. | «Шынықсаң шымыр сарбаз боларсың» 5-6 кл. | Желтоқсан | ДШ пәні мұғалімдері. |
| 5. | «Айбынды қазақ әскері» ҚРҚК 30 жылдығына арналған әскери-спорттық кеш. | Қаңтар | Клуб жетекшісі, клуб Кеңесі. |
| 7. | «Шаңғы биатлонынан» мектеп біріншілігі. | Қаңтар. | АӘД пәні мұғалімі. ДШ пәні мұғалімдері. |
| 8. | Пневматикалық мылтықтан оқ ату сайысы. | Ақпан. | АӘД пәні мұғалімі. ДШ пәні мұғалімдері. |
| 9. | «Біз болашақ ұланбыз» саптық байқау. 8-11 кл. | Мамыр | АӘД пәні мұғалімі. Тәлімгер. |
| 10. | Президенттік сынамалар. | Мамыр | ДШ пәні мұғалімдері. |

| | | | |
|---|---|---|---|
| **V. Аудандық жарыстарға қатысу бағыты.**<br>***Мақсаты: Аудандық жарыстарға қатысу, оқушылардың спорттық кәсіби деңгейін өсіру.*** | | | |
| 12. | Аудандық оқушылар спартакиадасына қатысу | Жыл бойы | ДШ пәні мұғалімдері. |
| 13. | Аудандық әскери көпсайысқа қатысу. | Ақпан | АӘД пәні мұғалімі.<br>ДШ пәні мұғалімдері. |
| 14. | Аудандық «Мерген ару» жарысына қатысу. | Наурыз | АӘД пәні мұғалімі. |
| 15. | Аудандық оқу-далалық жиынына қатысу. | Мамыр | АӘД пәні мұғалімі. |
| **VI. Өлкетану бағыты.**<br>***Мақсаты: Клуб мүшелерін ұлттық және әлем мәдениетімен таныстыру және ұлттық құндылықтарды құрметтеуге баулу.*** | | | |
| 1. | Аудандық «Өлкетану» мұражайына экскурсия. | Қазан | Тәлімгер, тарих пәнінің мұғалімі, класс жетекшілері. |
| 2. | Жақын жерде орналасқан әскери бөліміне экскурсияға бару. | Жыл ішінде | АӘД пәні мұғалімі. |
| 3. | Ақтөбе қаласындағы Әуе Күштері институтына экскурсия. | Каникул кезінде | Тәлімгер, тарих пәнінің мұғалімі, класс жетекшілері. |
| 4. | Ақтөбе қаласындағы Әлия мұражайына экскурсия. | Каникул кезінде | Тәлімгер, тарих пәнінің мұғалімі, класс жетекшілері. |
| **VII. Оқу-материалдық базаны дамыту бағыты.**<br>***Мақсаты: Клуб мүшелері күшімен материалдық базаны дамыту, оқушыларды еңбексүйгіштікке, шеберлікке, ізденімпаздыққа баулу.*** | | | |
| 1. | « Сарбаз» жарқағазын шығару; | Қыркүйек | АӘД мұғалімі, бейнелеу пәні мұғалімі. |
| 2. | Атыс тирін оқу жылына дайындау. | Қазан | АӘД мұғалімі, технология пәні мұғалімі. |
| 3. | Тәуліктік кезекшінің орнын жетілдіру. | Қараша | АӘД мұғалімі, технология пәні мұғалімі. |
| 4. | Танк макетін жасау. | Наурыз | АӘД мұғалімі, Клуб белсенділері. |
| 5. | Сақшы міндеттерін орындауға арналған орынды дайындау. | Сәуір | АӘД мұғалімі, технология пәні мұғалімі. |
| 6. | АКМ макеттерін жасау. | Жыл ішінде | Клуб мүшелері |

Клуб жетекшісі: Д.А.Қайыржанов

«Үшқатты мектеп-бөбекжай-балабақша кешені КММ»

**2019 жыл** **Бұйрық№** 12 **Үшқатты ауылы**

Жас сарбаз әскери-патриоттық
клубын ашу туралы

Қазақстан Республикасы Президентімен Үкіметінің жарлықтарымен, шешімдерін және қаулыларын орындау үшін, «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 28.01.2019 жылғы № 26 бұйрығы; «Ақтөбе облысының білім басқармасы» ММ 31.01.2019 жылғы № 2-568 хаты; 2018 жылғы 5 қазандағы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына жолдауындағы әскери патриоттық жұмысты одан әрі жетілдіру және Жолдауын іске асыру жөніндегі жалпы ұлттық іс шаралар жоспарының 97-тармағын орындау мақсатында:

**Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :**

1. 2018-2019 оқу жылында «Үшқатты жалпы орта білім беретін мектебі» кластан тыс тәрбие жұмысының бағдарламасына «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы ашылсын.

1.2. Клуб жұмысын басқару қызметін өз міндетіме аламын. Клубтың жұмысын ұйымдастыру, белгіленген сабақтар мен жаттығуларды жүргізу міндеті мектептің әскери жетекшісі Д.А.Қайыржановқа, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.С.Алдасугуроваға, дене шынықтыру пәнінің мұғалімі А.Алдасугуровқа жүктелсін.

1.3. Мектептің әскери жетекшісі Д.Қайыржанов және тәлімгерге клубтың жұмыс бағдарламасын жасау және өткізілетін іс-шаралардың тақырыптық жоспарын жасау міндеттелсін.

2. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Н.С.Алдасугуроваға жүктелсін.

Мектеп басшысының м.у.а: А.К.Шуйншалина

«Бекітемін»
Үшқатты мектеп-
бөбекжай-балабақша кешені
КММ-нің
м.у.а директоры: Шуйншалина А.К
«08» 08 2024 ж.

**«Үшқатты мектеп-бөбекжай-балабақша кешені» КММ «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубының мүшелерімен жүргізілетін жылдық жұмыстың тақырыптық жоспары**

| № | Өткізілетін сабақтар және жаттығулар | күні | *Жауапты мұғалімдер* |
|---|---|---|---|
| 1 | Клуб мүшелерімен жиналыс өткізу. Клубтың жұмыс жоспарын және бағдарламасын талқылау | 4.09 | *Мектеп директоры.* *Әскери жетекші. ОТЖ орынбасар.* |
| 2 | Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай кезеңіндегі оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу | 11.09 | *Әскери жетекші.* |
| 3 | Саптық элементтерді орындауға даярлану. | 18.09 | *Әскери жетекші.* |
| 4 | Тактикалық дайындық жаттығуларын меңгеру | 25.09 | *Әскери жетекші.* |
| 5 | Қарумен саптық әдістерді орындауға жаттығу | 2.10 | *Әскери жетекші.* |
| 6 | Жеңіл атлетика/ 100м,1000м, ұзындыққа секіру, кермеге тартылу, дене көтеру және граната лақтыру/ | 9.10 | *Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері. Әскери жетекші.* |
| 7 | Мың бір сұрақ сайысына дайындалу | 16.10 | *Тәлімгер.* |
| 8 | Әскери топография. Жан-жақты бағдарлау әдісін меңгеру | 23.10 | *Әскери жетекші.* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 9 | Саппен патриоттық ән сайысын өткізу | 6.11 | *Әскери жетекші.* |
| 10 | Қазақша күрестен жаттығулар. | 13.11 | *Әскери жетекші* |
| 11 | Мерген сарбаз | 20.11 | *Әскери жетекші* |
| 12 | Калашников автоматын жартылай бөлшектеу әдісіне жаттығу | 27.11 | *Әскери жетекші* |
| 13 | Пневматикалық винтовкадан оқ ату/тіреп ату/ | 4.12 | *Әскери жетекші* |
| 14 | Пневматикалық винтовкадан оқ ату/тіремей ату/ | 11.12 | *Әскери жетекші* |
| 15 | Қазақша күрестен жаттығулар. Жамбасқа салу әдісін меңгеру | 18.12 | *Әскери жетекші* |
| 16 | Әскери-саптық әдістерге жаттығу | 25.12 | *Әскери жетекші* |
| 17 | Волейбол | 15.01 | *Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері. Әскери жетекші* |
| 18 | Төтенше жағдай кезінде алғашқы дәрігерлік көмек көрсетуге үйрену | 22.01 | *Әскери жетекші* |
| 19 | Қазақ ақындарының батырлар жырларын жаттауға үйрену | 29.01 | *Әскери жетекші* |
| 20 | Ауған соғысы ардагерлерімен кездесу кеші | 5.02 | *Әскери жетекші* |
| 21 | Әскери жарғыларды меңгеру | 12.02 | *Әскери жетекші* |
| 22 | Волейбол | 19.02 | *Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері. Әскери жетекші* |
| 23 | Азаматтық қорғаныс және төтенше жағдай кезеңіндегі оқу-жаттығу жұмыстарын жүргізу | 26.02 | *Әскери жетекші* |
| 24 | Атыс даярлығы | 5.03 | *Әскери жетекші* |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 25 | Қазақша күрес тәсілдеріне жаттығу | 12.03 | *Әскери жетекші* |
| 26 | Саптық даярлық | 19.03 | *Әскери жетекші* |
| 27 | Пневматикалық винтовкадан оқ ату/тіреп ату/ | 2.04 | *Әскери жетекші* |
| 28 | Пневматикалық винтовкадан оқ ату/тіремей ату/ | 11.04 | *Әскери жетекші* |
| 29 | Жеңіл атлетика/ 100м,1000м, ұзындыққа секіру, кермеге тартылу, дене көтеру және граната лақтыру/ | 9.04 | *Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері. Әскери жетекші* |
| 30 | Қарумен саптық дайындық | 16.04 | *Дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері. Әскери жетекші* |
| 31 | Атыс даярлығы | 23.04 | *Әскери жетекші* |
| 32 | Саптық дайындық | 30.04 | *Әскери жетекші* |
| 33 | Біз болашақ ұланбыз /дайындық/ | 14.05 | *Әскери жетекші* |
| *34* | Біз болашақ ұланбыз /сайыс/ | *21.05* | *Әскери жетекші. ОТЖ директордың орынбасары* |

**Ескерту:** ҰОС ардагерлеріне, еңбек ардагерлеріне және жалғызбасты қарияларға көмек көрсету жұмыстары, сонымен қатар экскурсиялар жасау, спорттық жарыстар мен әскери-саптық сайыстар өткізу жарты жылдық жұмыс жоспарынан тыс өткізіледі

**Клуб жетекшісі:** **Қайыржанов Д.А**

«Жас сарбаз» ӘПК катысатын оқушылар тізімі.

| № | Аты жөні | Қатысқан уақыты | класы |
|---|---|---|---|
| 1 | Достанова Аяулым | 9.09.24 | 10 кл |
| 2 | Алдасугуров Али | 9.09.24 | 11 кл |
| 3 | Бахтыбаев Жангтөре | 9.09.24 | 11 кл |
| 4 | Едилбайұлы Ернұр | 9.09.24 | 11 кл |
| 5 | Жаксылыкова Сулубике | 9.09.24 | 11 кл |
| 6 | Сексенбаев Данат | 9.09.24 | 11 кл |
| 7 | Амандыков Агзам | 9.09.24 | 9 кл |
| 8 | Алдасугуров Алан | 9.09.24 | 8 кл |
| 9 | Бахтыбаев Алдияр | 9.09.24 | 8 кл |
| 10 | Коптлеуов Айбек | 9.09.24 | 8 кл |
| 11 | Калмукамедова Динара | 9.09.24 | 7 кл |
| 12 | Сексенбаев Асет | 9.09.24 | 6 кл |

АӘД жетекшісі: Қайыржанов Д.А